

Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 30 жылдығына арналған «Сейфуллин оқулары – 17: «Қазіргі аграрлық ғылым: цифрлық трансформация» атты халықаралық ғылыми – тәжірибелік конференцияға материалдар = Материалы международной научно – теоретической конференции «Сейфуллинские чтения – 17: «Современная аграрная наука: цифровая трансформация», посвященной 30 – летию Независимости Республики Казахстан.- 2021.- Т.1, Ч.3 - С. 249 – 251

АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ АЛҚАПТАРЫНДА ЛАНДШАФТТЫҚ ТӘСІЛДІ ПАЙДАЛАНУ ҚАЖЕТТІЛІГІ

Амантай І.Ж.

Жерге орналастыру саласындағы қазіргі уақытта ауыл шаруашылығы алқап-тарының едәуір бөлігі қараусыз қалып, арамшөптермен толуы, топырақтың деградацияға ұшырауы мен тұздануы, эрозияның қарқынды дамуының жалғасуы нәтижесінде біршама ауылшаруашылық жерлер дұрыс пайдаланылмай жатыр. Еліміздің жер қорын, әсіресе ауылшаруашылық мақсатындағы жерлерді дұрыс және тиімді пайдалану уақыт өткен сайын маңызды мәселеге айналып отырғаны айқын көрінеді. Оның шешімін жоғары өнімді массивтерді ауылшаруашылық айналымына енгізу, топырақ эрозиясымен және өзге зиянды процестермен күресу, топырақтың құнарлығын сақтау және көтеру арқылы табуға болады. Топырақ сапасын қалпына келтіру және жақсарту, егіншілік дақылдарының өнімділігін арттыру үшін аумақтық жағдай жасау, сонымен қоса техника мен жұмыс күшін тиімді пайдалану ауыспалы егістер жүйесін дұрыс жобалау арқылы қалыптасады.

Жерді тиімді пайдалану мәселесінің мәні - жердің өндірістік сипаттамаларын сақтай және жақсартып отырып, жоғары сапалы өнімнің максималды мөлшерін алу үшін табиғи ерекшеліктеріне сәйкес өндіріс құралы ретінде жерді пайдалану. Ауыл шаруашылығы территориясында бұл мәселе ішкішаруашылық жерге орналастыру көмегімен шешіледі.

Республиканың қазіргі заманғы аграрлық өндірісіндегі нарықтық қатынастардың дамуымен ішкішаруашылық жерге орналастыру жобаларын әзірлеуде жаңа тәсіл талап етіледі. Бұл ретте территорияны реттестірудің әлеуметтік және экономикалық мазмұны экологиялық-ландшафттық құрамдаспен толықтырылуы керек. Жерге орналастыру кезінде территорияны ұйымдастыру ландшафттардың ресурстық әлеуетін пайдалануға және экологиялық тұрақтылыққа байланысты экономикалық сипаттағы мәселелердің шешімін анықтайды. Ландшафттық негізде жерге орналастырудың негізгі міндеті оңтайлы агроландшафттарды құру және олардың өзін-өзі реттейтін, өзін-өзі көбейтетін жүйелер ретіндегі функцияларын қалпына келтіру қажет. Бұл экологиялық тұрақты

агрolandшафт-тарды құруға және олардың бұзылу процестерін тоқтатуға әкеледі.

Жерді ұтымды пайдалану әдістері ландшафттық негізде, ал ауылшаруашылық өндірісіне қатыстылары агрolandшафттық негізде негізделуі керек. Ландшафттық негізде ішкішаруашылық жерге орналастыру жобасын әзірлеу барысындағы ерекшелігі ауыл шаруашылығы кәсіпорнының жер пайдалану территориясын агрolandшафттық аймақтарға бөлуді жүргізу болып табылады.

Ландшафттық тәсіл тұрғысынан қарау табиғи-географиялық жағдайлар мен табиғи ресурстардың кешенін зерттеумен қоса, ландшафттың морфологиялық бөліктерінің құрылымдық заңдылықтарын білуге, олардың ішкі және сыртқы байланысын, әлеуетті мүмкіндіктерді пайдалану және оңтайландыру үшін ландшафтта өтіп жатқан процестердің динамикасын анықтауға мүмкіндік береді. Осы негізде ландшафттық тәсіл тұрғысынан қараудың мән-маңызы келесідей: біріншіден, ландшафттық саралау территориясын ұйымдастыру кезінде табиғи компонентердің өзара әсерін, морфологиялық бөліктердің өзара байланысын есепке алу; екіншіден, ландшафтты экологиялық тепе-теңдікті сақтау[1].

Ландшафттық тәсіл экологиялық – ландшафттық аймақтарды (типтерді, кіші түрлерді) бөліп көрсете отырып, территорияның ландшафттық саралануын ескереді, сонымен бірге агрolandшафттың белгілі бір бөліктері (елді-мекендер, подурочицалар, фациялар) бойынша аумақты қалыптастыруды көздейді. Бұған ішкішаруашылық жерге орналастырудың маңызды элементтерінің бірі болып саналатын аумақты агрolandшафттық шағын аймақтандыру арқылы қол жеткізіледі. Бұл ретте аумақты ұйымдастырудың негізгі ерекшеліктері агрolandшафттық контурларды байланыстыруда жатыр, агрolandшафттық шағын аймақтандыру бірліктері бойынша аумақты ұйымдастыру элементтеріне (өндірістік бөлімшелерге, ауыспалы егістерге, жайылым айналымдарына, шабындық айналымдарға, жыртылған жерге, жұмыс учаскелеріне) байланыстырудан тұрады[2].

Территорияларды экологиялық-ландшафттық және экономикалық ұйымдастыру қазіргі уақытта ландшафттың орнықтылығы мен оның өнімділігін арттыруда басым мәнге ие. Агрolandшафттарды экологиялық бағалаудағы айырмашылықтар өндірістің мамандануы мен көлемін, алқаптар мен егістіктердің құрылымын, ауыспалы егістің түрлерін анықтайды, яғни әртүрлі мақсаттағы агроэкожүйелерді қалыптастырады. Жердің қазіргі кездегі және болашақтағы өнімділігін ғана емес, сондай-ақ ландшафттың тартымдылығы мен халықтың өмір сүруге жайлылығын да ескеру маңызды.

Жерді ұйымдастыру мен ауыспалы егістің аумағын реттестірудің экологиялық және ландшафттық негіздемесі агроэкологиялық біртекті жұмыс учаскелерін орналастырудан құнарлылығы бойынша алқаптарды қалыптастыруға дейінгі принцип бойынша жүзеге асырылады. Жұмыс учаскелерінің саны мен ауданы дақылдар мен сорттардың бейімделу әлеуетінің ауыл шаруашылығын қарқындату деңгейіне, далалық жұмыстарды орындау технологиясына байланысты. Жұмыс учаскелерінің шекаралары

технологиялар мен орналастырылатын дақылдардың ерекшеліктеріне байланысты тұрақты және уақытша болуы мүмкін[3].

Ауылшаруашылық кәсіпорындарының территориясын ландшафттық-экологиялық негізде орналастыру аумақтың табиғи ресурстарын жердің өнімділігін арттыруға, табиғи ортада экономикалық тиімді, экологиялық тепе-теңдік жағдайын жүргізуге арналған.

Ландшафттардың экологиялық жағдайын анықтау-кеңістіктік саралауды, табиғи және табиғи-антропогендік кешендердің экологиялық шиеленісін анықтау және бағалау үшін қажетті жобалау алдындағы зерттеулердің маңызды буыны. Мұндай ақпарат табиғатты ұтымды пайдаланудың ең тиімді әдістерін анықтау және негіздеу, сондай-ақ ландшафт пен экологиялық жағдайды оңтайландыратын жүйелер құру үшін қажет. Ал аймақтардың қазіргі кездегі ландшафтты-экологиялық жағдайының негізгі көрсеткіші-территорияның табиғи-экономикалық жағдайы[4,5].

Ауыл шаруашылығы жер пайдаланушылықтарын реттестірудің тиімді жолдарын іздеуде, ландшафттық ресурстарды және табиғи ортаны қорғауда ландшафттық тәсілдің маңызы өте зор. Тұрақты агроландшафттарды қалыптастыру кезіндегі басты мақсат ландшафтты-экологиялық тепе-теңдікті үздіксіз сақтау болып табылады.

Табиғи және экономикалық факторларды есепке ала отырып, ауыл шаруашылығы алқаптарының территориясын жерге орналастыруда ландшафттық тәсілді пайдаланудың қажеттілігі туындайды.

Әдебиеттер тізімі

1. Карбозов Т.Е. Ландшафттану негіздері/ Оқу құралы «С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті» АҚ, Астана 2009.
2. Озеранская Н.Л. Внутрихозяйственное землеустройство агроформирований. - Астана: Казахский агротехнический университет им. С.Сейфулина, 2017. - с.
3. Эколоого-ландшафтные основы формирования систем земледелия / Ю.Ф.Едимеичев [и др.]; Краснояр, гос, аграр. ун-т. Красноярск, 2016,162 с.
4. Чурсин А.И., Денисова Е.С. МЕТОДЫ ИССЛЕДОВАНИЯ В ЛАНДШАФТНО-ЭКОЛОГИЧЕСКОМ ЗЕМЛЕУСТРОЙСТВЕ // Фундаментальные исследования. – 2013. – № 1-3. – С. 652-655;
5. Nataliya Ozeranskaya, Tulegen Karbozov, Akerke Bekturganova, Bakhytgul Zhuparkhan, Valentina Kononova Optimization of Land Use in The Agricultural Landscapes of Northern Kazakhstan On the Basis of the Landscape Approach <https://www.scopus.com/authid/detail.uri?authorId=57021718200>

Жетекшісі: э.ғ.к., доцент Карбозов Т.Е.